



«Келісемін»  
Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі  
білім бөлімінің басышы  
М.Сванов  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

«Бекітемін»  
Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі  
ішкі саясат бөлімінің басшысы  
Р.Қырықбаев  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

## «Tugar CUP» аудандық зияткерлік байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Байқау Тұрар Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылуда.

1.2. Байқаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңын іске асыру. Жастардың бойында өзін-өзі басқару жүйесін дамыту және олардың өзін-өзі басқаруының тиімді жолдарын қарастыру.

1.3. Байқауды Т.Рысқұлов аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі, «Жастар ресурстық орталығы» КММ және аудандық білім бөлімі ұйымдастырады.

### 2. Байқаудың шарттары

2.1. Байқауға ауданның барлық білім ошақтарының іріктелген оқушылары қатыса алады;

2.2. Байқауға қатысушының жасы 15-17 аралығын қамтиды;

2.3. Байқауға қатысу өтінім парағы 2024 жылдың 28 қарашасына дейін аудандық білім бөліміне қағаз және электронды нұсқада жолдануы тиіс.

### 3. Байқаудың кезендері

#### 3.1. Іріктеу кезеңі

Іріктеу кезеңі тест арқылы өтеді. Тестте мазмұны әр бағыттан құралған 20 сұрақ беріледі. Ол сұрақ мәселен: саясат, білім, спорт, мәдениет және т.б салаларды қамтиды.

Оқу орнының намысын қорғап, финалға жолдама алатын оқушы тест қорытындысы бойынша анықталынады. Іріктеу кезеңі нәтижесінде Құлан ауылдық округінен 2 оқушы, қалған 14 ауылдық округтерден 1 оқушыдан қатысу керек (барлығы 16 қатысушы).

#### 3.2. Финалдың шарты:

Ақтық мәре 4 кезеннен тұрады. Іріктеу кезеңінен ең жоғарғы ұпайды еншілеген оқушы финалда бағын сынайды.

**1 кезең - Таныстыру.** Өзін – өзі қысқаша түрде таныстыру. Сыртқы келбетіне, сөз саптауына және бұл сайысқа қатысудағы мақсаты мен өзі күтетін нәтиже турасында ой өрбітуіне ерекше көңіл бөлінеді. Таныстыру бөлімін әділ – қазылар алқасы 1-5 ұпай арасында бағалайды.

**2 кезең - Олжа.** 1 минут ішінде берілген 20 сұраққа жауап беруіне қарай тиісті ұпайды олжалайды. Сұрақтар мазмұны әр түрлі бағытты қамтиды. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі.

**3 кезең – Енші.** Экранда 6 бағыт бойынша деңгейлік ұяшықтар беріледі. Қатысушылар өзіне ұнаған ұяшықты алма кезек таңдау арқылы тиесілі ұпайды еншілейді. Әр ұяшықта 10 - 50 аралығындағы ұпай сандары жазылып тұрады. Сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда ұпай өз еншісіне толтырылады. Жауап бере алмаған жағдайда өзге қатысушыларға жауап беруге және сол ұпайды өз қоржынына салуға мүмкіндігі бар.

**4 кезең - Сен білесің бе?** Әр қатысушыға түрлі түсті видео – ұяшықтар ұсынылады. Сұрақты ауданға танымал тұлғаларқояды. Дұрыс жауап берілген жағдайда 30 ұпай беріледі.

#### **4. Байқаудың қорытындысы**

4.1. Байқаудың қорытындысы ұпай сандарымен есептеледі.

4.2. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталады.

4.3. Мекенжайы: білім бөлімінің байланыс номерлері мен сауалнама жіберілетін почта көрсетіледі.

**Ескерту:** мектепшілік бұйрықпен оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеліп, бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтарының болуын қамтамасыз етулеріңізді сұранады.

**Жарысқа қатысу үшін сұраныстар [abb\\_gauharjan@mail.ru](mailto:abb_gauharjan@mail.ru) электронды почтасына қабылданады. 2024 жылдың 28 қарашасы күнінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.**